

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Nur-Ai балабақша

Топ: ортаңғы Балапан топ

Балалардың жасы: 3 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2024-2025 оқу жылы.

Тәрбиеші: О.Бияшова

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Сәуір	Дене тәрбиесі	<ul style="list-style-type: none"><li>- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;</li><li>- негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру;</li><li>- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;</li><li>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;</li><li>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;</li><li>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарымқатынас жасауға баулу;</li><li>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</li></ul>

		<p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;</li><li>- қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;</li><li>- отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</li></ul> <p>Қимылды ойындар</p> <p>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.</p> <p>Спорттық жаттығулар.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</p>
--	--	---

		<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бөліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып,</p>
--	--	--

		шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
	Жүзу (жүзу бассейні болған кезде)	Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде).
	Сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау;</li> <li>- әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу.</li> <li>- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;</li> <li>- қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;</li> <li>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</li> </ul>

Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.

Сөздік қор.

Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.

Байланыстырып сөйлеу.

Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.

Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.

Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға,

		<p>бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
	Қазақ тілі	<p>- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды</p>

		<p>қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p> <p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;</li> <li>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;</li> <li>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;</li> <li>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;</li> <li>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.</li> </ul> <p>Кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p>

	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;</li> <li>- отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу;</li> <li>- еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;</li> <li>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;</li> <li>- табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу);</li> <li>- құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);</li> <li>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.</li> </ul>
	<p>Құрастыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту.</li> <li>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.</li> </ul>
	<p>Сурет салу</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық</li> </ul>

		<p>ойлауы мен қиялдауын дамыту;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату;</li> <li>- бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру;</li> <li>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</li> <li>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;</li> <li>- бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.</li> </ul> <p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.</p>
	Мүсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;</li> <li>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</li> <li>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</li> </ul>

		<p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
	Жапсыру	<p>- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;</p> <p>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</p> <p>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</p> <p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.</p>
	Музыка	<p>- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;</p> <p>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</p> <p>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</p> <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p>Музыка тыңдау.</p>

	<p>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.</p> <p>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</p> <p>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың</p>
--	--

сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.

Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.

Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір

		пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
--	--	--